



# СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ЖАНА  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ



# Қазақ әдебиеті дамуына орыс

## әдебиетінің прогресшілдік ықпалы

Қазақ халқының ұлы орыс халқымен тарихи қалыптасқан достығы — Қазақстанда ұлттық творчестволық күштердің гүлденіп өсуіне ерекше жағдай жасаған қуатты фактор. Лениндік-сталиндік ұлт саясатын іске асыра отырып, орыс халқы қазақ халқының социалистік мәдениет жасауына зор көмек көрсетті.

Орыс халқы, Сталин жолдас айтқандай, Совет Одағының құрамына кіретін барлық ұлттардың ішіндегі аса көрнекті ұлт. Орыс халқы тарихи дамудың даңқты жолын өтті, ол дүние жүзі мәдениетінің қазынасына баға жетпес үлес қосты.

Орыс әдебиеті — орыстың ұлттық кемелдерлігінің тамаша көріністерінің бірі, оның рухани байланысының айғағы.

Орыс әдебиеті халықтың азаттық, адамгершілік, патриоттық идеяларын бейнелейді. Орыс әдебиетінен халық бұқарасының творчестволық күшіне сенушілік көп көрінеді.

Орыстың алдыңғы қатарлы жазушылары Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Герцен мен Чернышевский, Некрасов пен Салтыков-Щедрин, Л. Толстой мен Чехов, Горький мен Маяковский және басқалары бүкіл дүние жүзіне жоғары идеялы, халық мүддесін қорғайтын шын мәнісінде патриоттық шығармалар жасаудың үлгілерін көрсетті. Орыстың алдыңғы қатарлы жазушыларының өшпес шығармалары, олардың тамаша реалистік, демократиялық, революциялық дәстүрлері адамзаттың көркем ақыл-парасатының дамуында зор жетістік болып табылады.

Әдебиет жөніндегі маркстік-лениндік ғылым орыстың ғылыми және сындалы ой-пікірінің таңдаулы дәстүрлерін — орыстың алдыңғы қатарлы жазушыларының дәстүрлерін алға апаруда және дамытуда. Көркем сөздің ұлы шеберлері — орыс жазушылары жасаған барлық игілікті совет әдебиеті өзіне мұра ете білуде.

Орыс мәдениетінің Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің дамуына ықпалы тиюіне, қазақтың аса көрнекті ағартушылары мен жазушыларының қалыптасуына ықпалы тиюіне Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде зор мүмкіндік туды. Қазақстанның Россияға қосылуы орыс халқымен мәдени байланыстың нығаюына жағдай жасады.

Данымпан Абай негізін қалаған, қазақтың жазба әдебиеті орыс әдебиетінің игілікті ықпалымен дамыды: Абай мен Ыбырай өздерінің творчестволық өсу жолында орыс әдебиетінің тамаша идеялық-эстетикалық принциптеріне арқа сүйеді. Орыстың реалистік әдебиетінің дәстүрлері қазақтың жазба әдебиетінің дамуына жол көрсетті.

Орыс әдебиетінің прогресшілдік ықпалымен XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың алдыңғы қатарлы әдебиеті реализмге қарай, шындық көріністерін нақты бейнелеуге қарай бет бұрды. Қазақ әдебиетінде демократиялық сарын, ағартушылық идеялар күшейе түседі, орыс ғылымы мен мәдениетін игеруге үгіттеу маңызды орын алады.

Қазақ әдебиетінің мазмұны, тақырыбы байып, ол халықтың өмірімен тығыз байланысты болады. Халықтың тағыры туралы, еңбек туралы мәселелер қазақтың алдыңғы қатарлы жазушыларының творчествосында басты тақырып болып, демократиялық сипатта танылады. Қазақ әдебиеті тематикасының кеңеюіне, оның мазмұнының жаңаруына орыс классиктері шығармаларының қазақшаға аударылуы да көп жағдай жасады. Қазақ прозасы (Алтынсариннің әңгімелері, Абайдың қара сөздері) пайта бола бастайды. Орыс әдебиетінің әсерімен қазақ поэзиясының жанрлары молығай, жанара түседі. Қазақ поэзиясына Абай жана ақындық өлшеулер енгізеді. Сөйтіп, қазақтың әдеби тілі байыпайды.

Қазақтың алдыңғы қатарлы жазушылары орыс әдебиетінің адамгершілік және патриоттық идеяларына, оның реализм принциптеріне сүйене отырып, реакцияшыл, діни ақындармен күрес жүргізді.

Орыс жазушыларының бай мұрасын мейгерудегі Абай мен Ыбырайдың дәстүрлерін демократиялық бағыттағы көптеген

қазақ жазушылары үлгі етті. Бұл дәстүрлер кәзір қазақ совет әдебиетінде де өмір сүруде.

Октябрь революциясы совет ұлттарының өзара мәдени-әдеби байланыс жасауына толық жағдай турғызды. ССРО халықтарының әдеби байланысы бұрын болып көрмеген дәрежеде нығайды. Әдеби байланыстың түрлері де көбейді. Бұл — туысқан республикалар жазушылары шығармаларының орыс тіліне аударылуы, орыс жазушыларының барлық ұлт тілдеріне аударылуы, туысқан халықтар әдебиеті мен искусствосының ояңуы, ССРО-ның барлық халықтары атап өтетін, ұлы жазушыларға арналған мерекелік салтапаттар, классиктер шығармаларының барлық тілдерде кең түрде басылуы, орыс жазушылары мен туысқан республикалар жазушыларының бірігіп творчестволық қызмет етуі. Ұлт әдебиетінің тематикасы да кеңейді: туысқан республикалардың жазушылары Москва мен Ленинград туралы жазса, ал орыс жазушылары ұлт республикаларының өмірінен тақырыптар алады.

Орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысының совет дәуіріндегі негізгі ерекшелігі — түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ әдебиетінің көп ұлтты совет әдебиетінің айрылмас бір бөлігі болып отырғандығы.

Орыстың классиктік әдебиетінің және орыс совет әдебиетінің игілікті ықпалымен қазақ совет әдебиеті қысқа мерзім ішінде жалпы Одақ көлеміндегі, демек, дүниежүзілік мәні бар профессионалдык әдебиетке айналды. Қазақ совет әдебиеті барлық жанрлы, — лирикалық өлеңдерден бастап, үлкен романдар мен драмалық шығармаларға дейін қамтылды. Советтік заманның ең талантты ақымы Маяковскийдің, совет поэзиясының әсерімен қазақ поэзиясында жаңа өлшеулер, ұйкастар пайда болды, қазақ тілінің өлшем мүмкіншіліктері кеңейді. Қазақ совет жазушылары фольклорға тоң тоқыраған нормалар көлемінен әрі асып, социалистік реализм әдісін ойдағыдай мейгеруде.

Қазақ совет әдебиетінің тамаша үлгілері — Жамбылдың шығармалары, кәзіргі қазақ совет ақын-жазушыларының таңдаулы шығармалары орыс әдебиетінің игілікті ықпалымен жазылғандығы даусыз.

\* \* \*

Орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысын терең зерттеуге ерекше көңіл болу қажет. Бұл — өткен замандағы алдыңғы қатарлы қайраткерлердің орыс әдебиетінің дәстүрлерін қабылдай отырып, қазақ әдебиетін дамытудағы ролін толық түсіну үшін керек. Бұл — орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірі мен әдебиетінің қазақ халқының мәдениетін дамытудағы прогресшілдік ықпалын терең зерттеп, ашуға мүмкіндік береді. Сөйтіп бұл — қазақ халқының ұлы орыс халқымен тарихи қалыптасқан достығын көрсетуге көмектеседі.

Бұл жұмысты республикамыздың көрнекті жоғары оқу орындарының — Қазақтың мемлекеттік университетінің, Абай атындағы педагогикалық институтының, әйелдер педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедралары басқаруға тиіс. Бұл кафедралар орыс әдебиеті кафедраларымен біріге отырып, орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы жайындағы мәселелерді шешуге тиіс. Қазақ ССР Ғылым Академиясы аспирантура арқылы орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысын зерттейтін мамандар даярлауы қажет.

Сталин жолдасының совет әдебиетінің социалистік мазмұны туралы ілімі әдебиет зерттеушілерді совет әдебиетін біртұтас тарихи-әдеби процесс тұрғысында зерттеуге міндеттейді.

Орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысын зерттеу — қазақ әдебиет зерттеушілерінің кәзіргі таңдағы келелі міндеттерінің бірі.

3. АХМЕТОВ.

Филология ғылымының кандидаты.